

**2011 жылға арналған Астрахан ауданы аумағында тұратын, нысаналы топқа жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы**

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 22 ақпандағы № 56 қаулысы.  
Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 9 наурызда № 1-6-149 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 және 7 баптарына сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі  
**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. 2011 жылға арналған Астрахан ауданы аумағында тұратын, нысаналы топқа жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:  
ұзақ уақыт жұмыс істемегендер (бір жылдан артық);  
24 жасқа дейінгі жастар;  
әлеуметтік-психологиялық оналту курсынан өткен есірткіге тәуелділер;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астрахан ауданы әкімінің орынбасары  
**М. Қ. Қожахметке** жүктелсін.

3. Қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға  
**т а р а л а д ы .**

4. Қаулы Астрахан ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Астрахан ауданының әкімі* **Р.Әкімов**

**КЕЛІСІЛДІ**

*Астрахан ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы* **Қ.Жұмақиев**

*Астрахан ауданының «Экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы* **Ғ.Шонабаева**